



ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Біздің фракция соңғы жылдары агроөнеркәсіптік кешен мәселелері бойынша Үкіметке бір емес, бірнеше рет хат жолдады. Біз көтерген сауалға берілген жауаптарды саралай келе, үкімет аппаратында ауыл шаруашылығын терең білетін, алаңдаушылық танытатын қызметкерлердің аздығына көз жеткіздік. Кейбір аудан мен ауыл әкімдері өз аумағында өндірілетін өнім көлемін де білмейді.



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: КІМГЕ КӘСІП, КІМГЕ НӘСІП?

Жұрт болашағы жоқ 6 мыңға жуық ауылды жабу бағдарламасына наразы және алаңдаулы. Ғасырлар бойы сол өңірде өмір сүріп, ата-бабасының кіндік қаны тамған жерде қалғысы келетіндерге жұмыс беруді, ауылды жандандыруды ешкім ойланбайды.

Бар жерді игермейміз. Ауыл шаруашылығына жарамды 20 миллион гектар жер бос жатыр. Астық компаниялары монополия негізінде ішкі нарықтағы сүт сұранысының 74% қамтитын шаруашылықтарды өзіндік құны 5-6 еседен асып түсетін жем-шөппен жабдықтайды. Ауылдағы сүт қалаға жеткенде 7,5 есе қымбатқа сатылады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау жағы да қалыс қалды. Ауылдан ет пен сүтті көбіне жатып ішер жылпос делдалдар әкетеді. Оларды ешкім қалағаламайды, өздері салық та төлемейді.

Тұрғындарды сүт өнімдерімен қамту 63%-ды құрайды. Ал етпен қамту ғылыми негізделген медициналық норманың жартысына жетеқабыл. Өзге өнімдерге қатысты жағдай да осындай. Үкімет агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға қатардағы мамандарды тарта алмайды.

1990 жылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі елдің ЖІӨ-нің 31,8% құраған. Он жылдан бері бұл көрсеткіш 4,6-4,7%-дан аспайды.

Бұл бізді баяғыда-ақ алаңдатуы керек еді. Бірақ қисапсыз АӨК-ді дамытуға арналған бағдарламаны ғана көреміз. Ешқайсысы да көзге көрінетін нәтиже берген жоқ. Кей тұста статистикалық көрсеткіштер өсімді көрсетсе, оған күдікпен қараймыз. Себебі күнделікті өмірде агроөнеркәсіп кешенінде

ондай өзгеріс байқалмайды. Көп жылдан бері сүт қабылдайтын бекеттерді қуатты салқындатқышпен, қасапханаларды тоңазытқышпен жабдықтау мәселесі айтылып келеді. Әйтсе де, бұл жұмысты аяғына жеткізу мүмкін болмай отыр.

Үкімет тамақ өнімдерінен пайда табатын құрылымдарға көбірек қолдау көрсетеді. Ал бағаны төмендетуге түрлі меморандум, бақылау акциялары ықпал етеді. Одан гөрі агроөнеркәсіп кешенінде еңбек өнімділігін арттырса, сол тиімді болар еді. Жергілікті жерлерде әкімдер ірі бизнестің мүддесін күйттейді. Тауар өндіретін ұсақ шаруашылықтардың мұн-мұқтажы сырт қалады.

Елімізде көптеген холдингтер, корпорациялар құрылады. Олардың барлығы қаржыландыруды қажет етеді. Салаға технологиямен, техникамен қолдау көрсететін өндіріс кәсіпорындары жоқтың қасы. Біз тіпті ең қарапайым ауыл шаруашылығы техникасын шығармайтын болдық. Бәрін сырттан әкелеміз.

Бұл құлдымға қасақана құлатудан басқа ештеңе емес! Шетсіз-шексіз даласы бар Қазақстанда бірде-бір мелиоративтік машина стансасы жоқ! Мал шаруашылығы фермаларына қызмет көрсететін кәсіпорындар жоқ! Шаруашылықтарды кооперациялау әлі күнге де нақты қолға алынбады. Міне, сондықтан да жыл сайын азық-түліктің 60 пайызын 4 млрд АҚШ долларына шетелден сатып аламыз.

(Жалғасы 3-бетте)



3

ТАРҚАТЫЛМАҒАН
ТҮЙІН

НЕСИЕ ТАРАТУ
«НАУҚАНЫ»

4

БІР ЖАНҒА
ЕКІ КҮЙМЕК
ӘДІЛЕТ ПЕ?!

7

АБАЙДЫҢ
«ТОЛЫҚ
АДАМ» ІЛІМІ

8

АЛ, ӘЙТПЕСЕ...

13 МЛН \$ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Шетелде қашып жүрген ағайынды Рыскалиевтардың 13 миллион доллары тәркіленді. Бұл туралы кеше еліміздің бас прокуратурасы хабарлады.

Атырау облысының бұрынғы әкімі Бергей Рыскалиев жылы орындыққа жайғаса сала, ағасы екеуі қылмыстық топ құрған. Ақыры қыруар қаражатпен шетелге тайып тұрған. Осыған байланысты түсініктеме берген бас прокуратураның қоғамдық мүдделерді қорғау қызметінің басшысы Сапарбек Нұрпейісов: «Бергей әкім болған бірінші күннен бастап қылмыстық топ жасақтаған. 2006-2012 жылдар аралығында ағайындылар арнайы жүйе бойынша мемлекет меншігіндегі нысандарды өз адамдарына арзандатылған бағамен сатып, қоғамдық нысандарды салу құрылысының бағасын көтеріп, аса ірі көлемде пара алып, қылмыстық мақсатта жалған ресми құжаттар жасаған», — делі.

Ұрланған қаражаттың барлығы арнайы құрылған жалған фирмаларға аударылып, одан әрі шетел асқан. Ұйымдасқан бірнеше қылмыстық топ өз қызметтерін мақсатты түрде жүргізіп, тапсырмаларын мүлтіксіз орындап отырған. Тіпті оның бірін Бергей Рыскалиевтың күйеу баласы Әлбақасов

басқарған. «Олар бір ғана мақсатта жұмыс істеген: газдандыру, электр желілерін тарту, сумен жабдықтау, тұрғын үй құрылысы, көпір өткелдері, тазарту қондырғылары және басқа да әлеуметтік нысандарын салу барысында бюджет ақшасын жымқырған. Бұлардың қатарында Атыраудағы қатты қалдықтар сақтау полигоны, 1200 орындық қазіргі заманғы өнер музейі бар», — дейді бас прокуратура өкілі.

Рыскалиев аймақтағы ірі бизнесмендерді қолтығынын астына алған. Мәселен, кәсіпкер Мералиевтің үш фирмасынан бопсалау арқылы 250 миллион теңге өндірген. Осындай қылмыстардың 71-і анықталып, мемлекетке 72 миллиард теңге залал келтіргені анықталды.

Бас прокуратураның деректеріне қарағанда, сот шешімімен 185 нысан тәркіленген. Оның ішінде 50 пәтер, 44 жер телімі, банктегі есепшоттар бар. Қазіргі уақытта мемлекет есебіне 44 миллиард теңгеден аса залал өндіріліп, енді қылмыстық топтың активтерін іздестіру жұмысы жүргізілуде. Шетелдегі 13 миллион доллары анықталып, тәркілеу шаралары қолға алынды.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
64,62

DOLLAR
386.77

EURO
427,26

РУБЛЬ
6,00



ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Ақшамды
ұрлап
кетіпті

(Толығырақ 2-бетте)



168 SAĖAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

ТАЛҚЫ

Алматыдағы бір мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін қарындасым Қарлығаш сирек хабарласады. «Көрінбей кеттің, қайда жүрсің?» деген сауалыма берер жауабы дайын.

– Ой, мұғалімнің жұмысын білмейсіз ғой. Сабақтан шаршап шығасың, дәптер тексеру керек, келесі күнге дайындаласың. Жұмысқа ерте барып, кеш қайтамыз. Соған татитын жалақы да жоқ. Несиеге алған пәтерімнің ақшасын төлеу үшін қосымша жұмыс істеймін. Ата-аналар бала тәрбиесін де бізге ысырып қойған. Нашар оқыса да, сабақтан қашса да, мұғалім кінәлі. Ендігі үмітіміз тек «Педагог мәртебесі туралы» заңда...

Шынында да, бұл заңға бүкіл ұстаздар қауымы елендеп отыр. Мұғалімдердің мектепке үнжырғасы түсіп барып, шаршап қайтатынын мәртебе мәселесі көтеріле бастағалы шын мойындалдық. Тапсырманың және қағазбастылықтың көптігінен ұзақ жылғы еңбек өтілі бар ұстаздар түгілі, жігері мұқалмаған жас ұстаздар да шаршаған. Бәрінің тағатын тауысқан заң жобасы кеше Мәжілісте сүзгіден өтті. Тіпті депутат Зағипа Балиева: «Көп құттырған заң жобасының Мәжіліс депутаттарының талқысына келгеніне қуаныштымын» деп салды. Сол серпілістен де болар, заң жобасын талқылауда көп мәселе көтерілді.

Кезінде Мағжан Жұмабаев «Алты алаштың басы қосылса, төр – мұғалімдікі» деген екен. Өкінішке қарай, әзірше төр бұйырмаған мамандықтың иелері келешекте абыройлы боларына сенімді. Осы мақсатта жұмыс істеліп жатқанын айтқан білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов: «Педагог мәртебесі туралы» заңды жыл соңына дейін қабылдауымыз керек» дей келе, ұстаздарға жасалар жеңілдікті санамалап өтті. Әсіресе мұғалім сыныбындағы оқушылардың артынан жүгіріп, көше шарлап жүрмеуі керектігі ашық айтылды. Мұның өзі оқу процесіне кедергі келтіреді. Керісінше ұстаздардың шеберлігін арттыруға мұрындық болу керек. Ол: «Мұғалімдерге қатысты материалдық емес ынталандыру шаралары қарастырылған. Бірінші кезекте балабақшадан орын беру мәселесі ескерілген. Сонымен қатар «Ауылдық жерде жұмыс істейтін мұғалімдердің еңбекақысын арттыру, «Үздік педагог» және қолданыстағы барлық әлеуметтік кепілдіктер де міндетті түрде заң жобасында сақталды. «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» мемлекеттік марапатының жана түрін енгізу де бар», – делі.

Иә, жақсы нәрсені атап өткен орынды. Бірақ осы заңда ең басты мәселелерді назардан тыс қалдырмау керек. Олардың қатарында мұғалімдерді қаралау, тіл тигізу, тіпті қол жұмсау жағдайлары бар. Осы мамандықты жүрек қалауымен

игермеген жастар да білім ордаларында жүргені ақиқат. Өкініштісі, дипломды сатып алып, мектепте миығынан күліп жүргендермен күресу керек. Бәрінен балалардың бағбандарына жоғары жалақы керек.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, былтыр қантар мен қыркүйек аралығында 205 729 мұғалімнің жалақысы көтерілген. Ал биылғы қыркүйекте 295 841-інің айлығы өстіп, бұл цифр 2020 жылы 304 098-ге жетеді.

Қала мұғаліміне қарағанда ауыл ұстаздары жоғары жалақы алмақшы. Мәселен, 15 жылдық еңбек өтілі бар І санаттағы қала мұғалімінің алып жүрген

қосымша ақы беріле бастайтынын айтты. Алайда барлық мұғалімге жоғары жалақы беталды беріلمесі анық. Олар өз категорияларына сай келуі керек. Біліктілікті арттыру арқылы ғана табысқа жете алатынымыз анық. Осы орайда депутат Нұрлан Дулатбеков мектеп түлектерінің жаппай Ресей жоғары оқу орындарына кету мәселесін көтерді. Бұған министр педагогтардың мәртебесін көтеру арқылы тосқауыл қоя алатынымызды жеткізді.

Тағы бір мәселе, мұғалімдердің құқығын бұзу жағдайлары жиі ұшырасады. Бұл тұрғыда А.Аймағамбетов: «Кез келген мұғалім өз сыныбындағы 25 немесе 30



МҰҒАЛІМ ЖҮР МҰҢЫН ШАҒЫП...

жалақысына 24 050 тенге қосылады. Бұл дәптер толтырып, сынып жетекшісі болып, оқыту кабинеттерін менгергені үшін алатын ақы. Дәл осындай еңбек өтілі бар бірінші санаттағы ауыл мұғалімінің жалақысына 25 860 тенге қосылады. Олардың орташа жалақысы 110 мың тенгені құрап отыр.

Әрине, мұнымен шектеліп қалмау керек. Ал нәпакасын мектептен тапқандар балаларды оқытуда селкостыққа жол бермеуі тиіс.

Аяғұл МИРАЗОВА,
Қазақстанның Еңбек Ері:

Қазір көп жастар мұғалім мамандығына жүрдім-бардым қарайды. Меніңше, нағыз ұстаз болу үшін балаға білім беру аз, әр баланың тілін де таба білуі қажет. Баланың мінезін зерттеп, оның көңілін таба білетін психолог та болуы тиіс. Өкінішке қарай, қазіргі мұғалім мамандығын таңдаған жастардың ойы – қалай да диплом алып шығу.

Бас ұстаз келесі оқу жылынан бастап біліктілік, дәптерді тексеру, сынып жетекшілігі мен магистр дәрежесі үшін

баланы артынан жүгіріп, көшеде жүрмеуі керек. Ол – ата-ананың жауапкершілігі. Ата-ана мектепке алып келіп, мұғалімге тапсыруы тиіс. Қазір біз мектептерде арнайы турниктер болуын қамтамасыз етіп жатырмыз. Яғни геонавигация арқылы баланын мектепке кіргенін анықтай аламыз. Қандай да бір оқыс жағдайлар мектеп ішінде, оқу кезінде болып жатса, иә, онда жауапкершілік білім саласында», – деп.

Депутаттар тарапынан министрге көп ұсыныс айтылды. Мәселен, мұғалімдер педагогикалық колледжде немесе университетте оқыған жылдары еңбек өтіліне жатқызу, олардың мектептегі жүктемесін азайту, дәрігерлік тексеруден өтуін қалағалау, демалысқа шыққан жағдайда жалақысын уақытылы беру, қысы ұзақ өңірлерде тұратындарға жәрдемақыны көбірек төлеуді ойластыру. Қысқасы, 20-дан аса сұраққа жауап беріліп, ұсыныс қабылданды. Заң жобасында әлі де толықтырулы қажет ететін бап жеткілікті. Ендігі жерде барлық күш жұмыс топтарына түскелі тұр.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Ауыс-түйіс



Қырымбек КӨШЕРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы



Ерлан ҚОШАНОВ,
Президент Әкімшілігінің басшысы



Роман СКЛЯР,
Премьер-Министрдің орынбасары

Бейбіт АТАМҚҰЛОВ,
индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі



Мұхтар ПЛЕУБЕРДІ,
сыртқы істер министрі



Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Қарағанды облысының әкімі



МЕДБИКЕНІҢ ҚАЛТАСЫНА ТҮСТІ

Семейде қызық оқиға орын алды. Қалқадағы аурухананың бірінде жұмыс істейтін медбикенің бөлмесінен ақшасы ұрланды. Бұл туралы қалалық полиция басқармасы хабарлады.



Полицияға 23 жастағы медбике қыз жүгінді. Ол кабинетінен бірнеше минутқа шығып, қайтып оралғанда сөмкесінен әмиян ұрланғанын байқайды. Ішінде 35 мың тенге болған көрінеді. Медициналық мекеме қызметкерлері мен науқастардан жауап алып, бейнекамера деректерін қараған сақшылар 33 жастағы бұрын сотталмаған адамның ізіне түседі. Күдікті тұрғылықты мекенжайынан ұсталып, өз кінәсін мойындады. Ауруханаға медициналық анықтама алуға келіп, ұрлаған ақшаның бір бөлігін жұмсап үлгергенін айтқан.

Қарыз

ЕҢ КӨП ТӨЛЕНБЕГЕН САЛЫҚ

Автокөлік	Жер	Үй
		
70%	12%	6,7%
14,4 млрд теңге	2,5 млрд теңге	1,4 млрд теңге

САЛЫҚ ҚАРЫЗЫ КӨП АЙМАҚТАР

Алматы	Маңғыстау облысы	Шымкент
		
Almaty	Маңғыстау	Шымкент
5,5 млрд теңге	2 млрд теңге	1,6 млрд теңге

Дереккөзі: Мемлекеттік кірістер комитеті

Дәурен АБАЕВ,
ақпарат және қоғамдық даму министрі:



«Мемлекеттен атаулы әлеуметтік көмек алған 21 отбасы өздерінің шынайы табысын жасырған. Бастапқыда кейбіреулері өз табысын әдейі жасырып, кейбіреулер ажырасты. Ал қазір басқа қалаларда тіркеліп, бірнеше жерден (қаржылай) көмек ала бастады. Мұндай деректерді анықтау үшін еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен әкімдіктер бірлесіп жұмыс істеуде. Мәселен, аула-ауланы аралап тексергеннен кейін көпшілігі жәрдемге мұқтаж емес екендігін айтты. Олардың жағдайы әлдеқайда жақсы. Коттеджі, қымбат көліктері бар».

Сөз-Жебе

Бір Алматының өзінде сан түрлі түйткіл бар. Олардың әрқайсысы өзге аймақ тұрғындарына да таңсық емес. Өйткені бұл шешімін күткен ортақ мәселе. Бүгін Jas qazaq-та соның бірқатары төңірегінде әңгімелеп бермекпіз.

ДИПЛОМСЫЗ
ДӘРІГЕР ЖҰР

Аты-жөнін атамауды өтінген алматылық тұрғын баласы ауырған соң «Приват клиник Алматы» ауруханасына алып келеді. Сонда қызмет істейтін шетелдік дәрігерлер наукас балаға толық сараптама жасамай жатып, оны операция столына жатқызады. Алайда дәрігерлердің шешімінен күдіктенген әйел тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін қадағалау департаментіне көрсетілген медициналық көмектің сапасына катысты шағым түсірді. Осының негізінде жауапкершілігі шектеулі

ешкандай кепілдік бермейді. Сондықтан араларында ажал құшап жатқандары да кездеседі. Тұрғындардың бірсыпырасы, тіпті болмаған жағдайда еліміздің ірі қалаларында ашылған шетелдік емханалар мен ауруханаларды барлығында қызмет көрсету сапасы керемет деп айта алмаймыз. Бұған жоғарыдағы мысалдар жеткілікті. Егер құзырлы орындар тексермесе, жүздеген немесе мыңдаған азамат акшасын өзгелердің қалтасына салып беру жалғаса берер еді. Сондықтан жұрт шетелдік медицина орталықтарында, жекелеген дәрігерлерге қаралу барысында олардан құжат талап етуге құқы

бар. Әйтпесе ақ халаттыларға да алданып қаласыз.

ЕЛДІ ЕЛЕНДЕТКЕН ЕКПЕ

Ойламаған жерден кейіпкер таптық. Алматы облысындағы аудандардың бірінде балаларына екпе жасатпаған келіншек тұрады. «Ата-бабаларымыз екпесіз де күн көрген» дейтін ол инеден ауру жұқтырудан қорқалды екен. Оның ойынша, құрт ауруы, сары ауру, баска да катерлі дерт инеден тарайды. Әрі балалардың ағзасын артық дәрімен улауға керек көрінеді. Айтпақшы, кейбір дін өкілдері де осындай ұстанымға

ТАРҚАТЫЛМАҒАН ТҮЙІН



берік. Алайда екпесіз өскен балалары есей келе, ауру тауып жатқандары бар. Сондықтан сақтанбаса болмайды екен.

Биыл Алматыдағы перзентханаларда нәрестелерге туберкулезге қарсы жүргізілетін екпенің қамту деңгейі 89,2% құраған (қамту көрсеткіші 95% төмен болмау керек). Бұл перинаталдық орталықтарда екпеге қарсы медициналық көрсетілімдердің көп болуы, әсіресе шала туылған балаларға катысы бар көрінеді. Ал екпеден қасақана бас тартқандар туралы айтсақ, өткен жылмен салыстырғанда олардың қатары 3,9% төмендеді. Мұндағы негізгі себептер жеке басының көзқарасына — 82,2% және діни сенімдерге 3,6% келеді. Сонымен қатар вакцинаға сенбеушілік — 2,3% және 11,9% бұқаралық ақпарат құралдарында теріс ақпараттардың жариялануына байланысты. Осы төңіректе ой бөліскен департаменттің инфекциялық және паразиттік ауруларды қадағалау бөлімінің бас маманы Бибігүл Нұрғалиева: «Дәрігерлердің айтуынша, екпеден бас тартпаған дұрыс. Мысалы, жұқпалы аурулардың басым көпшілігі екпе алмағандардың арасында тіркеледі».

Айтпақшы, қала аумағында 27 тамызға дейін Жапонияда шығарылған туберкулезге қарсы вакцина БЦЖ қолданылды. Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырысы бойынша 27 тамыздан бастап медициналық ұйымдарда бір себептерге байланысты БЦЖ вакцинасының барлық сериясын қолдану тоқтатылды. Бүгінгі күні басқа жақта өндірілген туберкулезге қарсы вакцина жоқ. Ал болған жағдайда екпеден ешкім қашпауы керек. Ол балалардың болашағы үшін керек.

Дәрігерлердің дабыл қағатын жөні бар. Өйткені екпе жасалмаған балалар арасында жұлын қабынуы, қызамық, қызылша, тұмаудың қауіпті түрі, сүйек туберкулезі, түрлі вирусты инфекциялар ұшырасады. Әрі дерт дендеген бүгінгідей заманда баласының болашағын ойлау әрбір ата-ананың міндеті.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Сәдуақас БАЙҒАБЫЛОВ,
Нұр-Сұлтан қалалық тауар мен көрсетілетін қызмет сапасы мен қауіпсіздігін қадағалау департаментінің басшысы:

Израил, Қытай және Түркияда нәрестелерге екпе ата-анасының рұқсатынсыз да жасалады. Францияда екпе жасату міндетті. Италия, Ұлыбритания, Бельгия, Эстония және Чехияда екпе жасалмаған балалар балабақша мен мектепке қабылданбайды. Тәртіпке бағынбаған ата-аналарға айыппұл салынады. Тіпті Германияда балабақшаға немесе мектепке екпесіз барған балалардың ата-анасымен жеке әңгіме жүргізіліп, мәжбүрлеу шарасы қолданылады. Ал бас тартқан жағдайда 2500 еуро айыппұл салынады. Польшада әкімшілік жаза қолданылады. Канада, Норвегия, Испания, Австрия және Нидерландтарда ата-ана бала денсаулығы үшін жауап береді.

серіктестікке жоспардан тыс тексеру жүргізілді. Ең сорақысы, баланы қараған дәрігерлер Ашеш Бхумкар мен Гаятри Патанкар заңсыз медициналық қызметпен айналысқаны белгілі болды. Екі дәрігерсымақ балаға заңсыз ота жасағаны анықталды.

Өкінішке қарай, еліміз тұрғындарының аузын аштырып, көзін жұмдырған шетелдік емханалар мен ауруханалар Алматыда аз емес. Бұл туралы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін қадағалау департаментінің басшысы Айзат Молдақасымова былай деді: «Korea Vision Almaty» ЖШС, «Москва жасушалар технологиясы» ЖШС, «Bugs Medical» ЖШС, Доктор Ваннын қытай медицина орталығында жүргізілген тексеру шаралары барысында да өрескел занбұзушылыққа жол берілгені анықталды. Нақтырақ айтсақ, осында қызмет істейтін шетелдік дәрігерлердің бірінің де дипломы немесе дәрігерлік құжаты, клиникалық көмек көрсетуге арналған сертификаты болмай шықты».

Міне, бұған күлесіз бе, әлде жылайсыз ба? Тіпті отандастарымыз Қытайға, Кореяға, Ресейге және Батыс Еуропа мемлекеттеріне емделуге барады. Ол жақта дәрігерлер наукасты аяғынан тік тұрғызып жіберуге

Депутаттық сауал

(Басы 1-бетте)

Ауыл шаруашылығы техникасын, тыңайтқыш пен химикаттарды айтпағанда, ірімшік, шұжық, құс еті, сарымай, сүт импортталады. Көкөніс шаруашылығы да көтерем халде. Ішкі нарық көрші елдердің көкөнісі мен жемісіне толы. Ал біздің көкөнісшілер өз нарығына ендей алмай, өнімін Архангельск, Мурманскіге және т.б. жакка апаруға мәжбүр.

Еліміздің экономикасы аяғынан каз тұра бастаған жылдары біз шығынға баттық, ол кездегі қиыншылықты түсінуге болады. Ал казір еліміз дамудың кемел шағына жеткенде, ауылды табанды да тұрақты түрде өркендететін кез келді.

Трансұлттық «Үйлесімділіктің жаһандық технологиялары» корпорациясы (Ресей, Мәскеу)

құрылуы дегенді білдіреді. Аудандық агрокешенді әкім немесе оның бірінші орынбасары басқарады; — сауын сиырын жыл бойы бір орында бағатын база арқылы ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру;

— агроөнеркәсіп ғылымы академиясын құру; — агроөнеркәсіп банкі және АӨК-ді дамытатын инвестициялық кор құру; — еңбек өнімділігін арттыруға негізделген салық салудың ең жаңа жүйесін қолдану; — жемшөп өндірісін жеке сала етіп, оған бос жатқан жерлерді беру; — ірі қара малдың басын көбейту шарты ретінде аналық және жеңіл салмақты малды союды айрықша бақылауға алу; — аулада құс өсіруге жағдай жасау, ол үшін балапан және жемшөппен жабдықтау; — агротехнология дайындаумен айналысатын құрылымдар; Қазақрқұрылыс; ауыл

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ: КІМГЕ КӘСІП, КІМГЕ НӘСІП?



«АӨК-инновация» бағдарламасын әзірледі. Ол қызметкерлер, кәсіпорындар, аймақтар мен мемлекет мүддесін үйлестіруді көздейді. Осы жобаны жүзеге асырғанда аудандық агрокешендер өндіріс көлемін арттыру жауапкершілігін өз мойнына алады. Үй жанындағы жер телімі мен бақшадан бастап барлық жер қамтылады. Әр отбасын, әр адамды іске тартуға тырысады. Әркімнің аудандағы ауыл шаруашылығы өнімін өндіруге қосқан үлесін есепке алады.

«АӨК-инновация» жүйесін қарастырып, соған сүйене отырып төмендегі шараларды жүзеге асыру қажет:

— АӨК негізінде мемлекеттік-жекеменшік серіктестігі қағидасы үстем болуы керек. Бұл облыстарда акционерлік агрокластерлер, ал аудандарда өсімдік шаруашылығы, мал шаруашылығы еншілес компаниялары, аудан тұрғындарына қызмет көрсету кооперативтерінің

шаруашылығы техникасын жөндейтін қызмет көрсету орталығы бар Қазақромеханикаландыру; кол еңбегі техникасы мен механикалық құралдарымен қамтамасыз ететін Агрожабдықтау құру; — ірі машина өндірісін қайта жаңғырту;

— дөңді дақылдарды дайындау, сақтау, қайта өңдеу, астық және жемшөп дақылдарының тұқымын дайындау және таратумен айналысатын акционерлік қоғам құру.

Ұсынылып отырған шаралар ауылдағы өндірісті көтеріп, халықтың Үкіметке деген сенімін қалпына келтіруге сеп болады.

Владислав КОСАРЕВ,
Мәжіліс депутаты:



Өз ойым

Кайбір жылы мынандай әзіл шығып еді.
— Қазір қырғыздар жаңа әндерін сыбырлап айтады екен.
— Неее?
— Қатты айтса, қазақтар көшіріп алады деп қорқатын көрінеді...

Одан бері біршама уақыт өтті. Қазір қазақ әншілері Алатаудың арғы бетінен ән алмайтын болды. Бағытымыз басқа елдерге бұрылып, назарымыз өзгелерге түсе бастады ғой деймін. Есесіне, айырқалпақты ағайын біздің өнерпаздардың әндерін өз қоржындарына қоса бастады. Алысқа бармай-ақ, біздің Розаның бірнеше әні қырғыз ағайынның ән аспанында қалықтап тұр. Соңғы кездері Розаның қырғыз әншілерімен дуэт орындап жүргенін де білеміз. Сондықтан жоғарыдағы әзілді бүгінде керісінше, айтатын жағдайға жетіп қалдық қой деп шамалаймыз.

Әзіл әзілімен. Дегенмен мынандай бір жағдайға куә болып отырмыз. Қуандық Рақым орындайтын «Мен қазақтың» деген ән бар емес пе? Былтыр ма еді, Отардағы полигонда тұтас әскер осы әнді айтып, бойымыздағы қанымыз қызып, рухымыз асқақтап бір барақат күй кешіп ек қой бәріміз. Сол «Мен қазақтыңды» қырғыз ағайындар өз тіліне үтір-нүктесін өзгертпей көшіріп, бір нотасының орнын ауыстырмай қотарып алып, домбыраның үнін қобызымен алмастырып «Мен қырғыздың» деп айтып жүр екен. Бұл ән өзіміз жақсы көретін, өнерін құрметтейтін, жас та болса жасалынды, сазгерлігі қарымды, әншілігі алымды Жарасхан ініміздің туыноысы болатын. Сөзін Нұржан Өмірбай жазған. Қырғызша нұсқасында сөзін Қудырет Таичабаров, әнін Ахат Әрмекаев шығарған деп тұр. «Мен қазақтыңды» қырғыздың деп ауыстырмасын демейміз, сөзін жазған адам аударған шығар, еңбегі бар дейік, оған да көңейік. Ал енді әнді өзгеріссіз алып, өз аттарынан шығарғаны ұят тірлік екен. Жиендіктің түр-түрін көріп едік. Бірақ авторын атынан аударып тастап, өз есім-сойын бақырайтып жазған, ұрпаған жиендікті енді көріп отырмыз.

Қазір білмей, көрмей, байқамай қалады дейтін заман емес. Ғаламторың әлемнің әр түкпірінен ақпаратты жеткізіп тұр. Ең болмаса, әні Жарасхан Төлебайдікі деп шырқаса, несі кетеді дейсің ғой. Бү жазбамызды Алатаудың ар жағындағы ағайындар оқыр-оқымас. Бірақ бұлай көзіңді бақырайтып қойып, тонауды қою керек...



Ержан БАЙТІЛЕС,
facebook парақшасының



Фото: Жеңіс ЫСҚАБАЙ



Осы аптада Moody's Investors Service рейтинг агенттігінің несие тәуекеліне арналған дәстүрлі 8-ші жиыны өтті. Мұнда әлемдегі және ТМД мемлекеттеріндегі макроэкономикалық ахуал, сондай-ақ еліміздің банк және мұнай-газ саласы жан-жақты сөз болды. Сарапшылар, әсіресе банк жүйесіне айрықша тоқталды.

НЕСИЕ «ТАРАТУДЫ» ҚОЮ КЕРЕК

Moody's Investors Service вице-президенті, қаржы институттарын бағалау тобының аға сарапшысы Владлен Кузнецовтың айтуынша, клиенттер мен инвесторлар банк жүйесіндегі жасырын проблемаларды білгісі келеді. Бұл — банк капиталының нақты көлемі, түйткілді несиелер резервінің жеткілісіздігі. Оны білу үшін банк активтерін саралау керек. Кузнецов мырза «бұл ең әуелі Ұлттық банкке қажет» деген пікірде. Сонда ғана ол банк жүйесін сауықтыру бағдарламасын негіздей алады. Moody's әдістемесіне сәйкес, отандық банк жүйесін капиталдандыруға 400-600 млрд теңге қажет. Отандық қаржы саласы бұл акшаны өз есебінен толтыра алады. Алайда оған бірнеше жыл кетеді. Үкімет алдында банк саласын неғұрлым жылдам сауықтыру міндеті тұрғандықтан, тағы да мемлекет қаржысы құйылуы мүмкін. Ал 2017 жылдан бері мемлекет банк саласына 4 трлн теңге құйды. Бұл — 2018 жылғы ЖІӨ-нің 7 пайызы.

Агенттіктің бағалауынша, банктердің несие портфелі жуық арада өсе қоймайды. Бұған екі фактор әсер етуде. Біріншісі — корпоративтік сала тарапынан сұраныстың төмен болуы.



Оған тым жоғары пайыз мөлшерлемесі кедергі. Екіншісі — жеке тұлғаларды несиелендіру қарқыны. Егер осы үрдіс келесі жылға дейін жалғасса, мұның арты неге әкеп соғарын болжау қиын емес. Дегенмен сарапшы бұл қатерден Ұлттық банк құтқара алады деген сенімде. Ұлттық банк несиені оңды-солды таратуға қарсы шараларды енгізуі тиіс. Әрине, жуырдағы мемлекеттің жәрдемі көп адамды несие қамытынан құтқаратыны сөзсіз. Алайда ол қаржы

банк жүйесі үшін теңізге құйған тамшыдай. Өйткені жеке тұлғалардың несие қамыты әлі де қомақты. Сондай-ақ корпоративтік секторды несие алуға ынталандыру оңай шешілетін мәселе емес. Оның үстіне Ұлттық банктің жуырдағы базалық мөлшерлемені көтеру жөніндегі шешімі акша-қаржы саясатын қатандатып жіберді. Әрине, елдегі инфляция деңгейін төмендету арқылы ең әуелі әлеуметтік мәселелерді шешуді таңдағаны түсінікті. Біздегі банк жүйесіндегі ахуал жаман деуге келмейді. Бұған Moody's Investors Service Ресей және ТМД елдері бойынша банк тобының жетекшісі Ярослав Совгираның айтқаны дәлел: «Қазақстандағы банк жүйесінің рейтингі ТМД кеңістігінде ең жоғары орында. Ресейге қатысты болжам «тұрақты» болса,

Жанармай

Күзгі егістік кезінде дизельдің бағасы тоннасына 198 мың теңгеден аспауы тиіс. Энергетика вице-министрі Әсет Мағауовтың айтуынша, отын бағасын

заң арқылы реттеу мүмкін емес. Сондықтан ірі операторлар және шикізат берушілермен келіссөз жүргізіледі. Әйтпесе, өнім өндірушілер отынды елдеқайда қымбатқа сатып алар еді.

БАҒА – БАҚЫЛАУДА!



Мәселен, Атырау мұнай өңдеу зауытында дизельдің көтерме бағасы тоннасына — 213 096 теңге, Шымкент МӨЗ-де — 212 127 теңге, ал Павлодар МХЗ-да 216 005 теңге. «МӨЗ-ден ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге арналған дизель отынын жөнелту басымдық негізінде жүзеге асырылады. Ал оны қадағалау мен мониторинг жасау күнделікті жүргізіледі», — дейді Әсет Мағауов.

Айта кетейік, күзгі егістік жұмыстарына арнап биыл 395 мың тонна дизель отыны бөлінді. Бүгінге дейін оның 258 мың тоннасы жөнелтілді.

Қаржы

Салық төлеуді кешіктіргені үшін айыппұл салынбайды. Бұл туралы қаржы министрлігі мемлекеттің кірістер комитетінің баспасөз қызметі хабарлама жариялады.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫ ЖОҚҚА ШЫҒАРДЫ



Онда былай делінген: «Соңғы кезде әлеуметтік желі мен мессенджерде 1 қыркүйекке дейін төленбеген салыққа 8 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде айыппұл салынады деген ақпарат таралды. Мемлекеттік кіріс комитеті оның шындыққа жанаспайтынын ресми түрде мәлімдейді».

Жеке тұлғалар жер және мүлік салығын есепті салық кезеңінен кейін 1 қазанға дейін төлеуі тиіс. Көлік салығын 31 желтоқсанға дейін төлеуге болады. Қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес, ешқандай айыппұл санкциясы қарастырылмаған. Тек салықты кешіктірген әр күн үшін үстеме ақы (*пеня*) қосылады.

Сондай-ақ ағымдағы жылдың соңына дейін жеке тұлғаларға арналған салық рақымшылығы жалғасады. Негізгі салық қарызын төлеген адамның үстеме ақысы лезде жойылады.

Инфографика

ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕНІ ҚАЙТА ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

1-БӨЛІК

2004-2009 жылы қарыз алғандарға бөлінген қаржы **130 млрд теңге**

Мақұлданды **27 229**

Жалпы сома **168,2 млрд** теңге

Қайта қаржыландырылды **25 832**

Жалпы сома **152,8 млрд** теңге

2-БӨЛІК

2016 жылғы 1 қаңтарға дейін валютамен алынған несие (2015 жылғы 18 тамыздағы бағам бойынша)

Мақұлданды **8 313**

Жалпы сома **72,9 млрд** теңге

Қайта қаржыландырылды **6 906**

Жалпы сома **58,8 млрд** теңге

Дереккөзі: ҚР Ұлттық банкі

Түйткіл



Танабай ШЫНТАСОВ, «Сарыағаш жер сыйы» тәлімбағының агрономы:

«Еліміз алмамен өзін-өзі 50% ғана қамтып отыр. Бізде табиғи жағдай өте қолайлы, жер де жеткілікті. Бізге жеңілдетілген несие берілсе, елімізге қажетті көшеттерді өсіруге шамамыз келеді. Мамандар бар. Материалдық-техникалық базамыз жақсы. Мысалы, бір миллион көшет шығару үшін 600 млн теңге керек. Қазір несиенің ең төменгі проценті — 14%.

Мен 4 жыл көшет дайындаймын. Төрт жылда несие қанша рет өседі. Сондықтан осы салаға көңіл бөлу керек. Бұл үшін отандық тәлімбақтарға субсидия бөлінесе дейміз. Мысалы, шетелде субсидия 2 % беріледі. Оның ішінде несиені төлеуге алдын ала қаникул беру қарастырылған. Бізде сондай дәрежеге жетуіміз керек. Егер мемлекеттен тиісті жағдай жасалса, еліміздің барлық аймағын жергілікті көшеттермен қамтуға болады».

Бірде жеміс-жидек алайын деп Алматыдағы ірі сауда орталығының біріне кірдім. Шыны керек, өзіміздің апорты таба алмадым. Сауда сөрелері керісінше, Польша мен Қытай алмасына толып тұр. Бағасы да қымбат. Осылайша үйге бос дорбамен қайтқаным бар. Әрине, «неге өз алмамызды жемейміз?» деген сұрақ бізді де, сізді де толандыратын болар. Осы сынды бірқатар мәселелер Алматы іргесіндегі Алматылық ауылында өткен отандық фермерлер мен тауар өндірушілердің жиынында талқыланды.

Алманың отаны саналатын еліміз осы жемісті сыртқа саудалауда әлемде 42-орында тұр. Табиғатымыз алма өсіруге өте қолайлы болса да, өзге елдің алмасына тәуелдіміз. Ал отандық бағбандарды не толғандырады?

ӨЗІМІЗДІҢ КӨШЕТ ҚАЙДА?



Бақыт САУРАНБАЕВ, «Меркі тәжірибе шаруашылығы» тәлімбағының агрономы:

«Біздің елімізде бағбандық әлеуетін арттыруға барлық ресурстар бар. Әлемдегі 15 мың алманың сорты біздің «Сиверс» алмасын негізге ала отырып пайда болған. Мен 20 жылдан бері отандық көшет өсірумен айналысамын. Бір кездері ауыл шаруашылығы министрлігі отандық көшет өндірушілерге көңіл бөлмей, тек шетелден әкелінетін көшеттерге қаржы бөлгені бар. Айнадай таза жерімізге түрлі аурулар да осы көшеттерден келді. Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары бірнеше бағбандар министрлікке қайта-қайта жазып, отандық көшетке назар аударуды өтіндік. Олардың бетін әзер дегенде бері бұрдық. Біздің өнім шетелдікінен кем емес. Сондықтан отандық көшетке көңіл бөлу керек».

ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Курт ВЕРТ,

ИТАЛИЯЛЫҚ БАҒБАН:

«Біз Қазақстандағы жабайы алманы зерттеп көрдік. Бұл елде әлем бойынша алманың ең жапап түрлері бар. Алматыдағы алма бақтары әлемде жоқ байлық. Сіздер осы байлықтың қадірін түсінбей жүрсіздер. Алманы әлемге таныту үшін жарнамасын да ауқымды жасағандарыңыз жөн. Өйткені әлемдік алма өсіру мамандары – алманың Отаны Алматы екенін біле бермейді.

Менің ойымша, жауапты министрліктер ғажайып құндылықты сақтап қалуға, әлемге танытуға атсалысуы тиіс. Бұл шаруаның мәдени жағы болғанымен, экономикалық жағын да қарастырғанымыз жөн. Өйткені Қазақстан алма өсіруді мықтап қолға алып, жемісті әлемдік нарыққа шығара алады. Өйткені алма өсіруге табиғат өте қолайлы».

Сергей

ТЕРЕЩЕНКО,

тәжірибелі агроном:

«Біз көп жағдайда көшетті Түркия, Италия, Австралия секілді елдерден әкелеміз. Барлығы бізге тексерусіз өтеді. Осының кесірінен неше түрлі зиянкестер қаптап, ағаштар түрлі ауруларға ұшырауда. Біз көшеттерді өзге елдерден алмай-ақ, өзіміз де дайындай аламыз. Ол үшін сапалы көшет дайындау керек. Ал сапалы көшет өсіру үшін мемлекеттік қолдауы тиіс».

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Дерек

САЛЫҚТЫ КЕШІРУ



Салық рақымшылығына ілінген

адам саны – **1,4 млн**

Негізгі қарыз – **13,9 млрд теңге**

Жойылатын үстеме ақы –

6,3 млрд теңге

Осы кезге дейін

177 065 адам

негізгі салығын төледі

Негізгі салық – **3,5 млрд теңге**

Жойылған үстеме ақы –

875, 2 млн теңге

Алдыңғы қатарда

Алматы – **1 млрд 979 млн**

300 мың теңге

Нұр-Сұлтан – **185 млн**

200 мың теңге

Алматы облысы – **161 млн**

900 мың теңге

Дереккөзі: Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті

Қызмет

Қазақстан азаматы ретінде әрқайсысымыз полиция қызметіне көмектесіп, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге атсалысуға құқымыз бар. Әрине, ол үшін ықылас-ниет болуы керек. Бір қуанарлығы, арамызда ішкі істер саласына көмектесіп жүргендер баршылық.

Мәселен, Нұр-Сұлтан қаласында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көмектесіп жүрген азаматтар саны алты жүзден асады.

Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының басшысы Госман Жакиннің айтуынша, жыл басынан бері астаналық полиция қызметкерлеріне қоғамдық негізде көмектесушілердің аркасында 8 қылмыс ашылған. 823 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, ішкі істер органдарына 241 азамат жеткізілген. Осы төңіректе Г.Жакин: «Қоғам мүшелерінің ішкі істер органдарына қоғамдық негізде көмек беруі 2004 жылдың 9 шілдесінде қабылданған «Азаматтардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы туралы» заңмен реттеледі. Қалалық полиция департаменті азаматтарды қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге тартуда аталған заңды басшылыққа алады», — дейді.

Осы заңда полиция қызметкерлеріне көмектесуге ниет білдірген азаматтардың әрекеті анық жазылған. Ондай адам әуелі ішкі істер органына өтініш береді. Тиісті құжаттарын қоса тапсырады. Ішкі істер органы өтініш келіп түскен күннен күнтізбелік отыз күн ішінде азаматтың наркологиялық, психоневрологиялық есепте бар-жоғын тексереді. Тиісті талапқа сай келсе, жергілікті атқарушы органға қолдаухат беріп, жұмыс істеуге дайын екенін жеткізеді. Талап үдесінен шықпаған үміткер не үшін бас тартқанын жазбаша жазып түсіндіреді. Полиция қандай адамдардан бас тартуы мүмкін? Бірінші кезекте көмелеттік жасқа толмаған азаматтардың және өздеріне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп жатқан не сотталғандығы бар, сондай-ақ наркологиялық, психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұрған, сот шешімімен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылған адамдардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуына жол берілмейді.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар нәтижелі жұмыс істесе, оларды алғыс жариялап, грамотамен марапаттап немесе сыйақы беру арқылы көтермелеуге заңда рұқсат етілген. Демек, кез келгеніміз полицияға қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, қылмыстың алдын алуға көмек бере аламыз. Әрі беріден соң қоғамдық ортаның тыныштығына, бірінші кезекте қала тұрғындары да мүдделі.

Қалай десек те, соңғы жылдары Елордамызда қоғамдық тәртіптің күшейгені байқалады. Бұл полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы жүргізіп жатқан қоғамдық орындар мен астана көшелерінде тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстардың нәтижесі дер едік. Госман Сапарғалиұлының айтуынша, Елордадағы адамдар көп жиналатын орындарда, қала орталығы мен Есіл өзені жағалауында қоғамдық тәртіпті күзетуді



тәулік бойы жүзеге асыру үшін 4 стационарлы бекет орнатылыпты. Сонымен қатар алдыңғы қатарлы елдердің тәжірибесін ескере келе, құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алуда заманауи техникалық құралдар мен технологиялар қолданылып келеді.

тұрғын әлеуметтік желі арқылы тікелей бақылап отырды. Олардың ішінде онлайн-режимде сұрақ қойғандар да көп болды», — дейді.

Осындай іс-шаралар кезінде полиция өкілдері қоғамдық тәртіпті бұзушылардың

мәліметтерді алу және ішкі істер органдарының кезекші бөлімдері мен учаскелік полицейлердің байланыс деректері бар визит-карталарды тарату үшін пәтерлер мен ауаларда тексеру жүргізіп жүр. Ал келесі акция «Жолда қабылдау» деп аталды. Бұл туралы Госман Сапарғалиұлы: «Қыркүйектің басында өткен «Жолда қабылдау» акциясын қала тұрғындары жақсы қабылдады. Акцияның алғашқы күні-ақ аула аралап жүрген сакшыларға 912 адам жүгініп, түрлі сұрактар койған. Соның ішінде 128 адам әкімшілік айыппұл бойынша, 153 адам сакшылардың жол қозғалысын қамтамасыз етуі жөнінде, 130 адам айыппұл төлеу үшін, 100-ден астам адам жүргізуші куәлігін рәсімдеу немесе айырбастау бойынша кеңес алған. Қала ауаларында өткен акцияны 400-ден астам

Олардың арасында білікті мамандармен қатар, жөніл жолмен акша тапқысы келетін ұрылар да болатыны жасырын емес.

Елордалық полиция қызметкерлері жуырда ғана желел-іздістіру іс-шараларын өткізу кезінде өзге облыстан келіп, ұрлық жасағандарды ұстады. Олардың бірі — Түркістан облысында, екіншісі — Солтүстік Қазақстан облысында туып-өскен екен. Екеуі де бұрын сотталған болып шықты. Тергеп-тексеру барысында ұсталғандар күндізгі уақытта пластикалық терезені қысу арқылы қала шетінде орналасқан коттедждерге кіріп, одан ақшалай қаражат, зергерлік және тон бұйымдарын ұрлағаны, содан соң ломбардка өткізгені анықталды. Қазіргі кезде олар жасаған 4 ұрлық дәлелденген. Ұсталғандар уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды, олардың Елорда аумағында бұрын жасалған осыған ұқсас қылмыстарға қатысы бар-жоғы тексеріліп жатыр.

Біз сөз басында қала тұрғындарының полиция қызметіне көмектесуі туралы бекер сөз қозғаған жоқпыз. Жүріс-тұрысы күмән

КӨМЕКТЕСУ – ПАРЫЗ

«Қазіргі таңда қала аумағында полиция департаментінің жедел-басқару орталығының бейнекамералары орнатылып, тәулік бойы жұмыс істеп тұр. Бұл жол және қоғам қауіпсіздігін бақылауға мүмкіндік береді. Біз бейнебақылау камерасына ғана сеніп отырмай, түрлі рейдтер ұйымдастырамыз. Мысалы, жыл басынан бері Нұр-Сұлтан қаласының аумағында көшелер мен қоғамдық орындарда болатын қылмыстардың алдын алу мақсатында 350-ден астам рейд жүргізілді. Осы жылдың сегіз айында департамент қызметкерлерінің бақылауы кезінде 83 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталды», — дейді ол.

Елорда аумағында полиция департаментінің қызметкерлері түрлі іс-шаралар мен акциялар өткізіп тұратынын қала тұрғындары жақсы білсе керек. Соның бірі — 15 қыркүйекте басталды, 10 желтоқсанға дейін созылатын «Учаске» жедел алдын алу іс-шарасы. Аталған акция учаскелік полиция инспекторлары, көпі-кон, криминалдық және патрульдік полиция және басқа да қызметтердің қатысуымен әрбір учаскелік аумақтардағы құқық бұзушылықтардың алдын алуды көздейді.

Учаскелік полиция инспекторлары өздерінің аумақтарындағы тұрып жатқан азаматтар туралы

әрекетіне куә болуына да тура келеді. Мысалы, «Жолда қабылдау» акциясы кезінде такси жүргізушісі мен клиент арасындағы жанжалдың үстінен түскен. Mega Silk Way сауда орталығының маңында такси жүргізуші мен клиенттің арасында дау-дамай туындайды. Жанжал кезінде 31 жастағы қала тұрғыны дене жарақатын алған. Оқиғаның мән-жайын анықтау үшін екеуі де полиция бөліміне жеткізіледі. 52 жастағы такси тізгіншісіне қатысты әкімшілік іс қозғалды.

Астанаға өзге өңірлерден қоныс аударушылар мен жұмыс іздеп келушілер легі толастар емес.



туғызатындарды көргенде бірден жергілікті полицияға қарасты учаскелік полиция қызметкеріне хабарлауға болады. Бұл болуы мүмкін қылмыстың алдын алуға септігін тигізеді.

Тәртіп

Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаментінің жол-патрульдік полициясы

қаладағы көліктермен қатар кез келген уақытта әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыстық оқиғаларға да араласады. Олар тапсырманы дер кезінде әрі мұқият орындауда ерекше көзге түсіп келеді. Өз ісіне жетік, білімді де білікті осындай мамандармен кезекті рейдке біз де шықтық.

Жол-патрульдік полиция көлігінде үш адамбыз. Назарымыз жол-патрульдік полиция көлігіндегі радиожелі байланысында. Өйткені күтпеген жерден әкімшілік құқық бұзушылық немесе қылмыстық оқиғаға болуы және соған байланысты орталықтан тапсырма түсуі мүмкін. Ондайда бірден оқиға орнына жетуі міндетті. .

Мейіржан Төлегенов пен Есбол Райымбек жол-патрульдік полициясында екі жылдан бері енбек етеді. Екеуі де полиция лейтенанты. Оларға Елордамыздың ең жауапты аумағындағы қоғамдық тәртіп пен тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүктелген. Нұр-Сұлтан теміржол вокзалы аумағының тыныштығы үшін де жауапты.

Әзірге ешқандай тапсырма түскен жоқ. Сондықтан көлікпен өздеріне бекітілген аумақты аралауға шықтық. Кәсіби міндетіме салып, екеуін сөзге тарттым. Алғашқы сұрағым: «Жұмыстарың ұнай ма?».

Әңгімені бастаған Есбол Райымбек: «Бала күннен полицей болуды армандадым. Маған полицейлердің формасы ұнайтын. Бала болған соң сыртқы формаға көңіл аударғанмын ғой. Кейін осы салаға келген соң, бұл жұмыстың да



ТӘРТІП ТАЛАПТАН БАСТАЛАДЫ

міндетіміз — шағымданған азаматтармен кездесіп, мән-жайды білу, нұсқаулыққа сай әрекет ету», — дейді.

Оның айтуынша, Нұр-Сұлтан теміржол вокзалы маңы осыдан бірер жыл бұрын тозыңқырап кеткен еді. Соңғы жылдары бұл аумақ абаттандырылып, көркейіп келеді. Жол жөнделген. «Нұрлы жол» вокзалының ашылуынан кейін ескі вокзалда кісі аяғы азайған, бұрынғыдай құжынаған адам көп емес. Сәйкесінше, қылмыс та азайыпты. Қоңырау

соғатындар негізінен, отбасылық кикілжіңге қатысты шағымданады екен. Шағымның бұл түрі бірінші орында, екінші орында көшеде мас болып жүргендердің үстінен шағымданатындар тұр. Одан кейін жол-көлік оқиғасы.



өзіне тән қызығы мен қиындығы болатынын түсіндім. Бастысы, төзім керек. Халықпен тікелей жұмыс істейміз, олардың арасында мінезі әртүрлі адамдар болады. Бізге түрлі шағыммен хабарласады. Өзімізге қарасты аумақта бір тәулікте 5-6 шағым түседі. Біздің

қадағалаймыз. Сабәк басталған соң өз аумағымызды аралауға шығамыз. Сабәк кестесіне сәйкес, аптасына бір рет біліктілік арттыру дәрісі өткізіледі. Ротамызбен аптасына 2 рет жаттығуға барамыз. Күнделікті қайталанатын жұмыс осылай десек те, қала өміріндегі оқиғаларға байланысты әр күніміз әртүрлі өтуі де мүмкін», — дейді ол.

Нұр-Сұлтан теміржол вокзалы мен «Сапаржай» автовокзалы Мейіржан мен Есбол бақылайтын аумақта орналасқан. Қалаға келушілердің көпшілігі кеңес сұрау үшін полиция қызметкеріне жүгінеді екен. Бұл да болса, полицияның халыққа жақындай түскенін көрсетсе керек.

Көп ұзамай біз күткен қоңырау да соғылды. Радиожелісі арқылы командир теміржол вокзалы маңындағы бір дәмхананың жанында төбелес болып жатқанын баяндады. Оқиға орнына жол-патрульдік полиция көлігімен біз де жеттік. Дәмхана жанындағы төбелес дегенге жастар төбелесіп жатқан болар деп болжап үлгерген едім, қателесіппін. Қаңғыбастар қактығысының үстінен түстік. Жол-жөнекей кеңелген «байлықты» бөлісе алмаған сияқты. Барлығын полиция көлігіне мінгізіп, бөлімшеге алып келдік. Бәрі мас. Олар кірген бөлмені жағымсыз иіс кеудеп кетті. Қырықтар шамасындағы кісі тоқтаусыз сөйлеп отыр. Аты-жөнін сұрадық. Айтты. Мәліметтер базасына тегін тере қойып еді, ол туралы деректер шыға келді. 17 жасында ұрлық жасағаны үшін сотталған. Төрт жылдан соң бостандыққа шыққанымен, топ болып төбелескендердің қатарында тағы да қылмысты болып, бас бостандығынан айырылады. Одан кейін босап шыққанымен, төрт айдан соң тағы да темір торға қамады. Тағы да босап шыққанына көп уақыт өтпепті. Кезекті төбелестің кейіпкері болып үлгерді. «Құрылысқа бейімім бар, бірақ ешкім жұмысқа алмайды» деп мұн шаққан болады. Өзі ұдай мас.

Мейіржан мен Есболдың ендігі міндеті — оларды наркологиялық орталыққа апаратын жылжымалы полиция бекетін тапсыру. Бір ғана шақырудың өзінде жүйкеге салмақ салар көріністің куәсі болдық. Ал олар тәулігіне осындай 5-6 шағым бойынша жолға шығады. Олардың арасында қарулы қылмыскер де жүруі мүмкін. Тәртіп сақшыларымен бірге жүрген күні жантүршіктірер оқиға болмағанымен, осыған ұқсас жағдайлар басқа аумақтарда болып жатуы әбден мүмкін. Осындайда өз ісін жетік білетін полиция қызметкерлері қандай жағдайда да заңбұзушылыққа қол бермейді. Бізді қос кейіпкеріміз де өздері қалаған мамандығына адал болғысы келетіндігі анық байқалып тұрды.

Бір күнде бірге жүрген уақытта біз тәртіп сақшыларының қызметіндегі қиындықтарды байқап үлгердік. Олар үнемі дайындық үстінде жүреді. Тіпті үйінде демалып жатқан күні де тосын шақырту алуы мүмкін. Әсіресе қала тұрғындары қалың ұйқы құшағында жатқанда олар көше бойлап жұрттың тыныштығын күзетеді. Осы үшін де оларға алғыс айтуға болады.

Бетті дайындаған
Ментай ШЫҢҒЫСҚЫЗЫ,
Нұр-Астана қаласы бойынша меншікті тілші



АТАҚТЫЛАР АСТАНАҒА ҚҰМАР

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын жариялап, онда еліміздің рухани дамуы үшін түрлі тапсырма берілгені баршамызға мәлім. Қалалық мәдениет және спорт басқармасы осы тапсырмаларды орындау мақсатында тиянақты жұмыстар атқарды. Мәселен, биыл қантар айының соңына таман Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, депутат Қуаныш Сұлтанұлымен арнайы кездесу өткізілді. Басқосуда қала тұрғындары көкейлерінде жүрген сауалдарына жауап алды. Елімізде болып жатқан өзгерістер мен тың бастамалар туралы ой бөліскендер болашағымызға қатысты маңызды мәселелер төңірегінде де пікір алмасты. Ал 9 ақпанда ақиық акын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай жыр кеші ұйымдастырылды. Онда жас ақындар өз туындыларын оқып берсе, өнерпаздар өнерлерін ортаға салды.



Осы орайда әйгілі ақын-жазушылардың мерейтойы қарсаңында кездесулер, арнайы кештер аталған басқарманың қолға алуымен жүзеге асырылып жатқанын ерекше айтып өткеніміз жөн. Халықтың рухани сұранысын қамтамасыз ету үшін жыл соңына дейін де түрлі жиындар, әдеби кештер ұйымдастыру жоспарланып отыр. Сол сияқты атакты тұлғаларға ескерткіш пен түрлі бюст орнату жұмыстары да назардан тыс қалмаған. Егер жобасы дайын болып, орнатылатын орны нақтыланса, көп ұзамай даңқты азаматтардың ірі бейнелері халыққа таныстырылмақ.

МӘДЕНИЕТТІҢ МӘЙЕГІ

Сөз ыңғайы келгенде мәдениеттің төресі саналатын опера және балет театры туралы да азды-көпті мәлімет бере кетейік. Қазіргі уақытта бұл театр Елорда жұртшылығы үшін ғана емес, әлем үшін де маңызы артып келеді. Мәселен, ЭКСПО өткен жылы бұл ғимаратта елімізде бұрын-соңды болмаған ауқымды концерт өтті. Отандасымыз, әлемдік дирижер Алан Бөрібаевтың жетекшілігімен 1200 музыкант астана тұрғындары мен қонақтарына австриялық композитор Густав Малердің №8 симфониясын орындады. Оған Голливуд актері, «Оскар» сыйлығының жеңімпазы Эдриан Броуди қатысты.

Сонымен қатар әлемге танымал испаниялық опера әншісі, дирижер Пласидо Доминго арнайы келіп, «Опералия» байқауын өткізді. Оған дүние жүзінің түкпір-түкпірінен танымал әншілер келіп, бақ сынады. Өз кезегінде Пласидо Доминго опера және балет театрының сәулетімен қатар, ішкі ыңғайлылықты, әлем алдындағы маңызы туралы ерекше пікір білдірген еді.

Шынында да, әлемге танымал тұлғалар астана төрінде орналасқан ғимаратқа жыл сайын ағылып келіп жатады. Қазір де мұнда түрлі концерттер, әлемдік деңгейдегі жиындар өткізіліп тұрады.

Қазіргі уақытта мәдениет және спорт басқармасының құрамында қала ішіндегі 17 мәдени мекеме мен 18 спорттық ғимарат бар. Одан бөлек, қаладағы ескерткіштердің бөріне осы басқарма жауапты. Соңғы бір жыл ішінде аталған мемлекеттік мекеме тарапынан атқарылып жатқан іс-шарада есеп жоқ. Мәселен, жақында ғана Назарбаев орталығында жалпы білім беретін мектеп оқушылар арасында Тұңғыш Президентіміз — Елбасының тестілерін, яғни президенттік дайындық деңгейінің нормативтерін орындаған тұлғаларды айырым белгісі бар төсбелгілерімен және куәліктерімен марапаттау шарасы өтті. Әлбетте іс-шара

Ел астанасы Арқа төріне ауғалы бері төрткүл дүниенің көңілі бізге ауып тұр. Жас мемлекеттің жаңадан астана құруы, оның аяқ алысы, жеткен жетістіктері бүгінде әлем елдерінің назарында. Сонау 1997 жылдан бері бас қаламызда халықаралық деңгейде көрмелер, мәдени шаралар, ауқымды концерттер, спорт жарыстары жиі ұйымдастырылып келеді. Осындай басқосулардың басы-қасында жүретін, ұйымдастыру шараларын жіті қадағалау іргелі мемлекеттік мекемелердің бірі – Нұр-Сұлтан қалалық мәдениет және спорт басқармасының еншісінде. Бүгін аталған басқарма жұмысын жұртшылыққа жақынырақ таныстыруды жөн көрдік. Шын мәнінде, бүгінгі астананың көлбеті мен мәдениеті, спорты қандай деңгейде? Осы орайда қалалық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Нұрлан Сыдықовтың пікірін білудің сәті түсті.

аталған басқарманың қолға алуымен ұйымдастырылды.

Бір айтарлығы, әрбір істе атқарған міндеті көрінбейтін, алайда қара жұмыстың бәрін өз мойнына алатындар болады. Мәдениет және спорт басқармасының жұмысы

минут 3 секундта жеткен Олег Байтуканов қола жүлде иегері атанса, 42,2 шақырымды 2 сағат 26 минут 53 секундта бағындырған Владислав Мамедов 2-орынды



қызығушылығын оятып, жаман әдеттен аулақ болуға шақырғым келеді», — деді.

жұртқа денсаулық үшін пайдасы зор», — деді ол.

Александр Кривушкин 1949 жылы Павлодар облысында туып, бүгінде өңір орталығында өмір сүріп келеді. Зейнет жасына жетсе де, ұстаздық етеді. Қысыны келгенде ол: «Қазіргі уақытта Павлодардағы Ақпараттық технологиялар колледжінде жұмыс істеймін. Жастарға білгенімді үйретуден жалыққан емеспін. Сөз соңында осындай әлемдік деңгейде өтіп жатқан марафонды ұйымдастырған Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне, сол сияқты мәдениет және спорт басқармасына алғыс айтқым келеді. Бұқаралық спортты насихаттау мақсатында үлкен жарыс өткізгені үшін, жауапты мемлекеттік мекемелердің жұмысы кашанда мақтауға лайық», — деді. Иә, 70 жастағы қария мұндай жарысқа ақша үшін емес, көпке үлгі болу мақсатында қатысты. Бұл тұрғыда карт спортшы көрермен болып келген жастарға өнеге көрсетті десек те болады. Себебі 42,2 шақырымды 70 жастағы кез келген кісінін, тіпті жастардың да ентікпей жүгіріп өтуі екіталай.

ҚАРА БАЛА ТАҢҚАЛДЫ

Бізді қызықтырған кейіпкерлердің бірі — Эфиопиядан қатысқан азамат болды. Аты-жөні — Кәбір Жемал. 24 жаста. Бұқаралық спортты насихаттауға өзіндік үлесін қосып жүрген жастардың бірі. Қазіргі уақытта Еуразия ұлттық университетінде ағылшын тілінен сабақ береді. Рас, Нұр-Сұлтан қаласында тұрып жатқанына 1 жыл уақыт болыпты. Бірақ астанада осындай айтулы шара болады деген соң, алдын ала дайындалыпты. Ол 10 шақырымды небәрі 50 минутта жүгіріп өтіпті. Кәбір бұл туралы: «Бала күнімнен спортқа құмармын. Кәсіби түрде айналыспасам да қызығушылығым жоғары. Марафонға алғаш рет қатысып отырмын. «Astana Marathon» өтеді деген соң делебем қозып, дегбірім қашты. Эфиопиядағы үйімде тыныш жата алмай, алдын ала ұшып келдім. Мұндай әлемдік деңгейдегі жарысты өткізу онай емес. Елорда әкімдігі мен оған қарасты мемлекеттік мекеме тарапының еңбегі құрметке лайық», — деді.



сынайын дедім. Жүгірумен айналысқаныма біраз уақыт болды. Бірақ 1-орын аламын деп ойламадым. 35 шақырымға дейін жеңіл жүгіріп, қалған 7,2 шақырымда бар күшімді салдым», — дейді.

ЖЕТПІСТЕГІ ЖҮЙРІК

«Astana Marathon» қатысушыларының арасында тосын кейіпкермен де кездестік. Солардың бірі — бұқаралық спортты насихаттауға бағытталған іс-шараларды насихаттаушы 70 жастағы павлодарлық Александр Кривушкин. Ол өз тәжірибесі туралы бізге былай деді: «Спортты бала күнімнен жаксы көремін. Ал жүгіру менің хоббиім. Шамамен 25 жылдан бері жүгірумен айналысып келемін. Аптасына 90-100 шақырым жүгіремін. Мұндай марафондарға өзгелермен жарысу үшін қатыспаймын. Қайта еліміздің ертенгі тізгінін ұстайтын жас ұрпақтың спортқа деген

кеткенді жөн көремін. Иммуитетімді осылай көтеремін. Темекі шекпеймін, ішімдікке үйір емеспін. Өмірімді осылай спортпен байланыстырып, денім сау күйде өткізім келеді», — дейді.

Марафон өткен күні астананың ауа райы жаңбырлы әрі желді болды. 70 жаста адам бойындағы күш-қайраты қайтқандықтан, жылы киініп жүргенді жөн көреді. Александр атай бұл күні үстіне жеңі ұзын футболкасы мен тізеден жоғары қысқа шорты киіп алған еді. Ауа райының құбылуы да қарияға әсер етпепті. «Маған қайта бүгінгі ауа райы қатты ұнады. Өкпем ашылып, жүгірген үстіне жүгіре бергім келді. Астанамыздың желі қадірін білген



Корытынды: Бұл Елорда әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекеменің атқарған жұмысының бір көрінісі. Бүгінге дейін 2017 жылы өткен жаһандық Олимпиаданы, түрлі саммиттерді, әлемдік деңгейде ұйымдастырылған өзге де іс-шараларды ойлап көрелік. Жұрт біле бермейтін қаншама жұмыс атқарылып жатыр. Әлбетте оның кемшін тұстары болғаны жасырын емес. Алайда қателік арқылы тәжірибе де жиналатынын ұмытпаған жөн. Сөзімізге дәлел ретінде «Astana Marathon-2019» қатысушыларының жылы лебіздерін келтірдік.

Нұр-Сұлтан қаласы шын мәнінде өркениеттің орталығы. Осында өтетін әрбір шараның мәні де, маңызы да ерекше. Әрқайсысының нәтижесі туралы айтар болсақ, мақтанарлықтай көрсеткіштер көп. Мәдени шараларға көңілі толып, алғыс айтып жүргендер мыңдап саналады.

Ғабиден ДОСЖАН,
Нұр-Астана қаласы бойынша меншікті тілші



Қандай да бір заңдылыққа негізделмегендей болып көрінетін мына шым-шытырық, әлем-жәлем тірлікте сан түрлі тарих, мың және миллиондаған тағдыр бар. Бір халық бар – тарихын тасқа (қашап тұрып) жазады. Бір ұлт бар – өткенін жаспен жуады. Ахаңша айтсақ, «қазақ – жоқшы, жоғын түгендей алмай-ақ келе жатқан халық».

Мактанып кетсек, тоқтай алмайтын әдетімізбен үш-төрт мың жылдан әріден қайырмалайтын кәрі көз тарихымызда «ақтаңдақтар» жетіп артылатыны бүгінде ешкімге құпия емес. Жібі жалғанбаған үзік-үзік сана-суреттер, алыстан бұлдыр-бұлдыр елестейтін жағалау-жал, арал-арал кара дақ-беттер... Баскасын айтпағанда, соңғы жүз жылдықтағы қабырға қайыстырар қайғы-қасіреттер «шеруінің» өзі саналынын жанына тыншу берер ме?!. Қызыл қаны сорғалаған «советтік-қызғылт жол», қаралы да жаралы жылдар найза намысты Алаш баласын шүкіршілігі таусылмайтын «бір күндік» пәндауи жанға айналдырып жібергендей... Өз өткенімізге өзгенін көзімен қараймыз, етжакын бауырдың ауыр тағдырын шай үстінде көрер көбікті сериалдай қызықтаған боламыз.

Әрине, өкініші көп өткенге үнемі үніле беру де он шешім бола

оқулықтарында «соғыс шығыны» деген адамның жанын түршіктірер термин бар. Және бір таңғаларлығы – әр он жыл сайын алапат соғыстағы «шығын» саны миллиондап үстемеленіп отырады: 7 млн (1950-60 жж.) – 20 млн (1970-80 жж.) – 26,6 млн (1990-2000 жж.) бүгінгі мәліметтер бойынша 42 (!) млн адам. Мамандардың айтуынша, 1941 жылғы шілде айының орта кезінде Қызыл армия бір миллионнан астам солдаттары мен офицерлерінен айырылды. Олардың 724 мыңы тұтқынға түсті. Сол жылдың қараша айына қарай неміс лагерлеріндегі қызыләскерлік тұтқындар саны 3,6 миллионға жеткен.

Гитлерлік-сталиндік соғыс бүрк ете қалғанда Қазақстанда бар-жоғы 6.5 миллион халық бар еді (1913 жылғы адам саны түгел қамтылмаған, толық емес есеп бойынша қазақтың өзі – 6.0 млн!), сонын 1 млн 200 мыңы ажалға

КӨШІМ ЕСМАҒАМБЕТОВ

ТҮРКІСТАНДЫҚ
ӘСКЕРИ ТҰТҚЫНДАР

ТУРКЕСТАНСКІЕ
ВОЕННОПЛЕННЫЕ



енді қашан айтпақпыз? Біздегі көрнекті ұран: «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды!» – «Никто не забыт, ничто не забыто!» емес пе? Олардың есімі қашан ұлықталады?! Жараланып, ессіз-түссіз жау қолына түскендер «Өлмес полктің» санатына жатпай ма?!. Сұрақ көп, жауап жоқ...

Соғыс барысында тұтқынға түскен совет солдаттары санында да нақтылық жоқ: орыс тарихшылары

TARİH

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Тұтқынға түскен советтік жауынгерлер

тізімде тұтқындардың мекенжайлары толық жазылмаған.

— басқалар үшін түк мәні болмауы мүмкін. Әйтсе де Алаш баласы үшін,

тұтас Түркістан үшін бұл орны толмас өкініш-қайғы, ғасырлық жұмбақ болатын.

Ал дем-тұзы таусылмай елге орағандар, мұхит асып, шетелден Отаным,

БІР ЖАНҒА ЕКІ КҮЙМЕК ӘДІЛЕТ ПЕ?!



тігіліп, олардың тең жарымы, яғни 600 мыңы опат болды. Өз қандастарымызды жіпке тізсек, соғысқа кірген 500 мыңға жуық қазақ баласының «шығыны» — 350 000 «дана!» Осылайша, 350 мың шанырақ құрылмай қалды, бары ортасына түсті... «Әр қазақ — менің жалғызым!» десек, бүгінгі тірлігіміздегі рухани мүгедектіктің, ұлттық дегралацияның, қазақ тілінің мүшкіл халының тереңге кеткен тамырының бір парасы осы «шығындардың» «шығыны».

Соғыстың хабары шыққан бойда елімізде жеделдетіп 14 атқыштар және атты әскер дивизиясы, 6 бригада құрылып, батысқа аттандырылды. Осы әскердің баршасы дерлік канкасапта опат болды. Тұтқынға

түсті, не мүлдем хабарсыз жоғалды. Осындайда тарихшы ғалым болмағанына өкінесін. Ойлаудың өзі қорқынышты: Қаншама атқа конған қазақ сарбазы жалаң қылышпен пулемет оғына қарсы шалты?! Танкілер тістесіп, самолеттер сілкісіп жатқан заманда қазақ сынды халықтан атты кавалерия жасақталуының өзі абсурд емес пе?!. Совет генералдарының «данышпан» стратегиясының арқасында «үлкен қазанға» күйіп, қоршауда қалған қазақстандық қос полк сарбаздарының тып-типыл болып, жер жастанғаны мектеп оқулықтарына

қоймас. Десек те, ең болмаса 9 мамырды тойлау сәтінде ойлансақ етті. Дабыралы Женіс күнінде жеңілістеріміздің де айтылғаны жөн емес пе?

Канкасап Екінші дүниежүзілік соғыс қазақтың қалауы емес еді. Ұлы Отанды қорғауға тура келді. Басқа салғанды көрді, «жазмыштан озмыш жоқ» деп көнді. Елде бас көтерер еркек қалмай, баршасы аузын арандай ашқан ажалға аттанғаны қаламгерлеріміздің шыншыл шығармаларында жазудай-ақ жазылды. Ал майдан даласында бастапқы бір жылда, әсіресе алғашқы

1. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
2. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
3. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
4. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
5. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
6. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
7. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
8. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
9. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
10. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
11. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
12. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
13. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
14. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
15. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
16. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
17. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
18. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
19. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
20. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
21. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
22. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
23. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
24. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
25. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
26. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
27. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
28. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
29. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
30. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
31. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
32. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
33. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
34. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
35. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
36. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
37. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
38. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
39. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
40. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
41. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
42. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
43. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
44. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
45. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
46. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
47. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
48. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
49. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
50. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
51. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
52. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
53. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941
54. Kuchukova	1941	1941	1941	1941	1941

оларды 4 млн адам деп көрсетсе, шетелдік зерттеушілер 5 млн 750 мың адамға жеткізеді.

Советтік (осы бір сөзді «кеңестік» деп аударып, неге әспеттейтінімізді түсінбей-ақ қойдым) кезеңнің «ақтаңдағын» ашуға шама-шарқынша үлес қосып келе жатқан «Арыс» қоры (баспасы) 31 мамыр — Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай «Әскери тұтқындар. Военнопленные» атты кітап дайындап, жарыққа шығарып отыр. Оның авторы — көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор Көшім Есмағамбетов. Өкінішке қарай, білікті тарихшы кенеттен дүниеден озып, осы іргелі туындысының бірін толық аяқтай алмады. Оны зерттеушінің қолжазбалары бойынша реттеп, баспаға дайындаған тарих ғылымының докторы, профессор Аккали Ахмет.

Бірнеше шет тілінің білгірі, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыялықтың иегері Көшім Лекерұлының еңбегінің негізі Түркістанның тәуелсіздігі үшін күрескен ірі қоғам һәм мемлекет қайраткері Мұстафа Шоқайдың өмірі мен қызметін ондаған жатжұрттың архивтерін актара отырып жүргізген ғылыми-зерттеуі еді. Қазақ қоғамдық ғылымында айрықша құбылыс ретінде бағаланған Мұстафа Шоқайдың 12 томдық толық шығармаларын жинағын дайындау барысында жинақталған мұрадан аталмыш кітап құрастырылып отыр.

М.Шоқай шығармаларының толық жинағының 11-ші томында Алаш арысының жеке архивтік қорынан алынған және жекелеген түркістандық соғыс тұтқындарының қолдарына түскен қағаз қиындыларына жазылған өтініштері мен неміс әкімшілігіне жұмысқа орналастыру мақсатында құрастырылған түркістандықтардың тізімі ұсынылған болатын. Шоқайтанушы ғалымның дерегі бойынша тұтқынның лагерлік нөмірі және мамандығы көрсетілген неміс тіліндегі тізімдер бойынша Мұстафа Шоқайдың түрмелердегі түркістандық тұтқындардың туған жылын, ұлтын, мамандығын анықтап, олардың тізімін алу жөніндегі комиссия басшысы Гейбельске берген есебінде Лембергтен, Ярослава, Дебица-Кочановка, Деба-Майдан, Офлаг 325 түрмелерінен тек жұмысқа орналастыруға 1592 адамды ұсынғаны анықталып отыр.

Соғыс тұтқындары туралы баспаға дайындаған қолжазбадан біз Мұстафа Шоқайдың «Суwalkи» лагерінде 457 тұтқынның тізімін түзгенін аңғарамыз. Сонымен бірге қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, тәжік, қалмақ және якут сынды ұлттардан тұратын 4847 тұтқынның тізімі жасакталған. Өкінішке қарай, бұл

КІТАПТАН ҮЗІНДІ:

«Астыртын ұйым ақиқаты» тарауынан:

Соғыс бітіп, тұтқында болған қазақ жігіттері елге асықты. Бірақ бәрі бірдей туған жеріне орала алмады. Себебі олар Сталиннің тұтқындарды жау санатында қарау жөніндегі өмірінен құлағдар болатын. Елге аяғы жеткендерін соттап жатқанын да естігендер болды. Әсіресе, «Түркістан легионы» құрамасында, «Түркістан Ұлттық комитеті», «Түркістан Ұлттық Кеңесі» деген ұйымдарда мүше болғандарға аяушылық танытылмады. Ақын Мәжит Айтбаев 1945 жылы одақтастардың Дрезденді бомбадауы кезінде қаза тапты. Қалған ақын-жазушы Хамза Абдуллин («Сайран»), Мәулікеш Қайбаддин («Асан Қайғы»), Хәкім Тыныбеков («Ғали Алтай») және т.б. (барлығы он тоғыз қазақ) РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-бабымен түрлі мерзімге бас бостандығынан айырылды. Олардың Қызыл армияға қарсы ұрысқа қатыспағандығы, «Түркістан легионына» да өз еріктерімен кірмегені ескерілмеді.

«Түркістан Ұлттық комитетіне» мүше болған қазақ жігіттерінің немістердің «өз халқының ұлтшылдық сезімін өрістетуге» жөніндегі тапсырмасын да қазақ тарихы мен мәдениетін насихаттауға пайдаланғаны «құр ертегі» ретінде қабылданды. Мәжит Айтбаев Абылай туралы дастан жазды. Абай өлеңдерінің құрылысы мен көркемдік ерекшеліктері жөнінде зерттеу жүргізді; Х.Абдуллин туған жерге сағынышын жырға қосты, тозақта жүріп, грузиннің атақты «Қолбарыс тоңды жұлған» жыр дастанын қазақшаға аударды; Х.Тыныбеков қазақ тілінің тағдырына алаңдаушылық білдіріп баяндама жасады.

1944 жылдың 10 мамыр күні Австрия астанасы Вена қаласында Вена опера және балет театрында Қазі Қазыбековтің «Ұлы адамның арманы» атты Сырым Датұлының азаптық күресіне арналған екі актілі спектаклі қойылады. Сырым Датұлы өңші Мұхамбетқали Батыргереев ойында. Сахнаға Мәжит Жақсылықов қояды да, музыкасын Вена консерваториясында оқып жүрген Ғалым Абсалямов пен «Түркістан легионы» көркемөнер үйірмесінің жетекшісі болып жүрген Әйткеш Толғанбаев жазады.

туған топырағым деп келгендердің талайы сталиндік лагерьге тоғытылып, тамұқ отына екінші рет тасталды. Олардың аты-жөні бүгінде белгілі, тағдыр-таланы да құпия емес. Әйтсе де олар санда болғанмен, санатта жоқ. Олар бүгінгі біздің таным-түсінігімізден тысқары қалған, нақты айтсақ, олар «ешкім де, ештеңе де емес». Шырқыратып шындықты ашуға, жарқыратып жазуға керілген керме жіп үзілмей тұр, айтқызбасымыз айтқызбай тұр.

Ізденімпаз тарихшы-ғалыммен көзін тірісінде талай жолғысып, осы «Тұтқындар» атты кітабын басып шығаруға алдын ала жіп таққан болатынбыз. Кітаптың жазылу барысынан да үнемі хабарлар болып отырлық. Қай тақырыпты алса да, бақайшағына дейін талдамай көңілі көншімейтін қажырлы зерттеуші, әрине, бұл кітабын бізге аманат күйінде тапсырмай, соңғы нүктесін өзі қойып бергенде, оның салмағы артып, бағасы еселене түсер еді. Бір демеу — сонында осы тақырыпты қаузап жүрген Аккали сынды жанашыр шәкірттері бар.

Ғарифолла
ӘНЕС,
репрессияға
ұшыраған
Қазақстан
зиялыларының
мұрасын
зерттейтін
«Арыс» қорының
президенті



алты айда шала-пұла қаруланған совет әскері мыңдап-мыңдап қырылды, мыңдап-мыңдап тұтқынға түсті. Тарихи кітаптарда, мектеп

қашан ендіріледі?!. Фашистердің концлагерінен тірі қалған бейбақ-тұтқындардың сталиндік тозаққа қайта түсіп, түрмеде шірігенін

ТАНИМ Jas qazaq ұлттық апталығының 9 тамыз күнгі №31 санында халқымыздың абыз ақсақалы, көрнекті ғалым, абайтанушы, Мөкемтас Мырзахметовтің «Бүгінгінің байында қанағат жоқ» атты сұхбаты жарияланған еді. Қария мемлекет басшысының назарын ұлттық тәрбиеден қол үзбей, бүгінгідей алмағайып уақытта өз болмысымызды сақтап қалу үшін Абайдың «Толық адам ілімін» мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін оқытуға аударды. Ал бұл ілім не туралы? Осыған орай Jas qazaq оқырмандарына «Толық адам ілімінен» үзінді жариялағанды жөн көрдік.

Толық адам. Абайдағы мораль философиясына байланысты гуманистік ойдың өзекті бір желісі — көбінесе, толық адам, жарым адам, толын инсаният, пенделіктің кәмаләттығы, кәмаләт ғазамат деген өз заманы мен ортасына танымалы, бірақ қалың оқырман қауым үшін мағынасы бейтаныс сөздер мен ұғымдар маңына тіреледі. Бұл аталған термин сөздердің көбі Абайдың қарасөздерінде мол қолданылса да, олардың мағыналық төркіні өлендерінде де жатады. Мысалы, «Ғылым таппай мақтанба»

өлені — Абайдың программды мән беріп жазған туындыларының бірі. Көп ой қорытылып айтылған осы өленде Абай «адам болам десеніз» деген тезисінің негізінде

әсер бесігі — оның әлеуметтік ортасы. Сол ортадан бойына жұқтырған жақсылы-жаманды тәлім-тәрбиесі, алған үлгі-өнегесі — баланың мінез-құлқын, мұрат-мақсатын айқындауда елеулі мәнге ие болмақ.

Көбінесе, баланың адамшылық жолынан таюына надан орта, малға дос ата-ана, қиянатшыл туыстар жетегінде өскен: «... балалар талапқа да, ғылымға да, ұстазға да қиянатпен болады. Бұл қиянатшылдар жарым адам... Олардың адамшылығының кәмаләт таппағы қиынның қиыны»,

«Толық адам» ілімі

толық адам жайлы даналық ойлары мен біршама танымның басты белгілерін атап өткендей болады. Дегенмен, Абайдың адам болу туралы ойларының желісі өлендерінен төрі қарасөздерінде жүйелі де толығырақ таратылған. Ұлы ақын адам болудың алғы шарты неден басталады деген сұраққа: «Қашан бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», [1. 195-196-бб] — деп нақтылы жауап береді. Осы іспеттес адам болудың жолына түскен баланың дұрыс өсіп жетілуі, Абайдың аңғартуынша, үш түрлі себепке байланысты болмақ. Олар: нәсіліне, өскен ортасына, тәрбиесіне байланысты боп келмек. Баланың тербеліп

[2. 220-б] — деп қарайды. Жарым адам ұғымы Абайда, негізінен, ақыл мен қайратты ізгілік жолына жұмсамай, оларды үнемі зұлымдық, қиянатшыл ниетке қызмет еттіріп, амал-айланы сол жолда іске асырушы адамдар. Бұл жолдан арылудың, емделіп сауығудың бір-ақ амалы бар. Ол жол ғылым, рахым, ғаділетте жатыр деп жөн сілтейді. Осы пікірге қарағанда, Абайдың танытуынша, жарым адам дегеніміз — үш асыл сипаттың ең басты асыл қасиетін бойына дарыта алмай, ақыл мен қайратты зұлымдық жолына амал-айла ретінде жұмсайтындар болып шығады. Өйткені, олар:

Арсыз болмай, атақ жоқ,
Адамшы болмай, бақ қайда? — деп Абай танбалаған қиянатшыл жолға түсіп кеткендер.

Жасында осындай арсыз, алдамшы ортадан залалды үлгі-өнеге көрген бала өсе келе бойына біткен ақыл мен қайрат сияқты қуатты құралды қиянатшыл залалды жолға жұмсамай тұра алмайды. Мұны халық ұғымымен айтсақ, «ұяда нені көрсе, ұшқанда соны іледінін» керіне келеді.

Абай 38-қарасөзінде Алланың бойындағы сегіз сипатты: өмір ғылым, күдірет, көру, есіту, қалау, болдыру, сөзді оның бойындағы кәмаләттандудың көрінісі ретінде атап етеді. Осы сипаттардың жиынтығын кәмаләт ғазамат деп атайды. Кәмаләт ғазамат ұғымын өз еңбектерінде әл Фарабидің өзі: «Біріншіні алатын болсақ... оның тіршілігі кәміл және болмысында басқаның бәрінен озық. Олан кәміл жетілген еш нәрсе жоқ», [1. 202-б] — деп көрсетеді.

Абайдың айтуынша, осы сегіз сипаттың кемелденіп толыққан жиынтығы ретіндегі кәмаләт ғазаматтың ұшқындары аз да болса, оның пенделерінің бойында да болуы керек сипаттар. Абай сегіз сипаттың ішінен ғылым мен күдірет деп аталатын екі ең басты сипатты қосып жіберіп, бір ғана ғылым ұғымында алады. Сөйтіп: «Ғылым — Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақық хәм адамдық дұр», — деп, ғылымға ғашықтықты, құмарлықты шын адамдық қасиет ретінде танытады. Тыңдаушыларын құдайды сыйласаң, ғылымды да сыйлауын керек деп нандырғысы келеді. Осы себепті Абай кәмаләт ғазаматтағы сегіз сипаттың ішінен жалғыз ғана ғылымды даралап, бөлектеп алады да, оған өз тарапынан нақлия, ғаклия дәлелдерге сүйеніп, рахым мен әділет деген екі сипатты тағы да қосады. Осы әрекетінің өзімен-ақ Абай дін шеңберінін ауқымынан шығандап та кетеді. Өйткені, тағриф бойынша, ғылым, күдірет қана Алланың басты сипатына жатады да, қалған алтауының бәрі де шарх қана, яғни басты сипатқа түсіндірме ретіндегі екінші дәрежелі сипаттар. Ал Абай осы ең басты сипат дәрежесіне тең етіп рахым мен әділетті қоса ендіреді. Әрі оларға гуманистік астар береді. Осы пікірін дәлелді де нанымды етіп көрсету үшін, жоуанмәрттіліктегі сипаттармен байланыстыра қарайды. Жоуанмәрттілік орта ғасырларда Түран, Иран жерінде таралған гуманизм жолындағы этикалық бағыт болатын.

Абай кәмаләт ғазаматтағы ең басты сипат ғылым мен күдіретті жоуанмәрттіліктегі сипаттармен бірлікте алады да: «Енді біздің бастағы тағриф бойынша, құдай тағала ғылымды, рахымды, ғадәлатты, күдіретті еді. Сенде бұл ғылым, рахым, ғадәлат [сияқты] үш сипат бірлан сипаттанбақ... Һәм толық инсаниятын бар болады», 1. 207-б — деп, осы аталып отырған үш сипатты ыждағатпен ізденіп, әрекеттеніп бойына дарытқандар ғана толық адам санатына қосылады деп ой қорытады.

(Жалғасы бар)

ЕСКЕ ААҰ Әл Фараби атындағы ұлттық университеттің журналистика факультетінің табалдырығын аттаған әрбір студент ең алдымен ұстаздарға қарап бой да, ой да түзейтін. Өйткені қасиетті қарашаңырақты дәріс оқитын оқытушылардың әрқайсысы Алатаудың шыңындай асқақ көрінетін. 1983 жылы білім ордасының табалдырығын аттаған біз де ұстаздармызға тандана қарап, дәрістерін тамсана тыңдайтынбыз. Дәлізде ұшырасып қалған сәттері біз үшін «Сәлеметсіз бе?» деген сүйікті сөз кейбір ұстаздарға жақпайтыны да шындық еді. Сондықтан болар, ағайларымыздың арасында «Ассаламаумағалейкум деп амандасындар» деп ескертетіндер болды. Ойлап отырсақ, мұның өзі



ЖАСТАРДЫҢ ЖАНАШЫРЫ ЕДІ...

жас жігіттерді үлкен кісілерді құрметтеуге, салт-дәстүр мен мәдениетімізді ұмытпауға дағдыландыру екен. Оқытушылардан «Жатақхана алдың ба, қайда тұрып жатысың?» деген жылы сөзін естігенде, өзінді сағына күтетін ауылдағы ағайын еске түсетін. Жастардың сондай жанашырларының бірі де бірегейі, жазушы-журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Әбілғайыз Ыдырысов еді.

Ол кісі, әсіресе қаламы жүрдек журналистерді жақсы көретін. Жоғары күрстан-ақ макалаларымен есімі елімізге танылған студенттерді үлгі етіп отыратын. Атын атап, түсін түстеп, ең алдымен, солардың жазғанын оқуды құлаққағыс жасайтын.

Тіпті ол кісінің сабақ беру әдісінің өзі керемет еді. Қонырау соғылып, партаға жайғасқанда Әбілғайыз ағаның аудиторияға қалай кіріп келгенін байқамай қалатынбыз. Басқан ізі білінбейтін. Дауыс көтеру әдеті жоқ профессордың әдемі әзілдері кейде күлкіге қарық қылатын. Өте сабырлы, байсалды мінезімен ерекшеленетін. Асықпай сөйлейтін әдеті, бірнәрсені түсіндіргенде топ ішіндегі балалардың кескіін-келбетіне қарап-ақ, солар арқылы мысал келтіретін дағдысы бар еді. Сол бір жақсы адам жакында дүниеден өтті.

Қарашаңырақтың қасиетті тұңғаларының бірімен замандастары, іні-қарындастары мен барша студенттер 90 жасқа аяқ басқан ардагерді жылап тұрып жер қойнына берді. Жылайтындай жөні бар. Әбілғайыз аға бір сұхбатында: «Мен әкемнен жас қалғанмын. Сонда жыламағанмын. Соғыста өлді. Шешемнен ерте қалдым, оны білмеймін де. Сонда да жыламаған адам едім. Мен еліме бір барғанда Бозқасқа деген жер бар. Біздің елдің киесі, Мойылды, сол жерден сұлбасы көрінеді. Сол кезде көзіне еріксіз жас келеді. Қой бакқан адаммын. Тайынша бакқанмын. Сол есіме түсіп, көзіме жас келеді...», — дейді.

Ауылға деген, ата-анаға, қайта оралмайтын жастық шакқа деген сағыныш бұл... Сөйткен ағамыз енді өзін жақсы білетін барша замандастарын, шәкірттерін жылатып кетті.

Саналы ғұмырын қазақ журналистикасының дамуына арнаған ағамыз қара сөздің қадірін білетін талай буынды тәрбиеледі. Болашақ журналистерге газет безендіру, полиграфия ісін үйретті. Осы салада көптеген ғылыми-зерттеу кітаптарын жазды. Бір «Таңшолпан» романының өзі иісі қазаққа махаббаттың шынайы үлгісін көрсетті.

Бакыл болыңыз, ардақты ұстаз!

Jas qazaq ұлттық басылымының ұжымы

АФРИКА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІ ҚОЛДАУЫМЕН

СТУДЕНТТЕР САРАЙЫ
25 ҚЫРКҮЙЕК
2019 ЖЫЛ

АҚЫН
ИБРАХИМ ИСАЕВ
70 ЖАС
МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН
ЕСКЕ АЛУ ӘН-ЖЫР КЕШІ

РОЗА РЫМБАЕВА, ТҮНГЫШБАЙ ЖАМАНҚУАОВ, СҰАУШАП НҰРМАҒАМБЕТОВА, БАЛАТ СӨМДАННОВА, ЖЕҢІС СЕІДІАЛАУАМ, ТОЛҚЫН ЗАИРОВА, МЕДУ АРҢЫБАЕВ, ШАХИДАА, СӨЖЕН ЖАҚСЫМАҚАМ, МАҚСАТ БАЛАРАЕВ, ЖАНАТ ҚАРМАН, РҮСТЕМ НҮТРИПТЕ, ГҰАМИРА АҚҰРГЕКОВА, МҰҚАСАН ШАХХАДІЕВ, ЖИГІТТЕР, ӘНІ ОҚАҚОВ, СЫРПАЙТІ ІНЕСЕВ, ҚАДЫРҒАН ҚОБЕНТАЛ, «НҰҚА», БАҒЫРЖАН РАЗЫМБЕКОВ, АЛТЫН МАХАНБЕТОВА, «ЖЕЛЕ» ЖӘНЕ Т.Б.ӨНЕР ИЕЛЕРІ

БАСТАЛУЫ: 19:00-де
БІЛЕТТЕР «KASSIRKZ» САЙТЫНДА ЖӘНЕ
СТУДЕНТТЕР САРАЙЫНЫҢ КАССАСЫНДА САТЫЛАДЫ
АНЫҚТАМА: ТЕЛ: +7 702 754 660, 8701794749

ХАБАР QAZAQSTAN KASSIRKZ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ

20-25
қыркүйек
2019 жыл

100

Әмина Өмірзақованың
100 жылдығына арналған
Қазақстан драма театрларының
XXVII республикалық фестивалі

Өтетін жері:
ШҚО Семей қ., Абай атындағы мемлекеттік
қазақ музыкалық драма театры
тел: +7 702 842 17 80, +7 747 471 50 94

«Деловой КАЗАХСТАН» газетінің Бас редакторы Серік Қоржымбаевқа анасы

Мәдина Мұхаметбеккызының

қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтамыз.

Достары, әріптестері



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — *арнаулы тілші*

Әбдіманап КЕНЕС — *жастар және ғылым*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — *терімші*

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — *web-sait*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2180;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы – 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г қуәлігін алды.
Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді.
Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сіттемесіз көшіріп басуға болмайды.